

847A37  
H 86

Жарасбай  
Нұрқанов

4  
23273



Жастық шақ  
Жырлары

# АРМАНЫМ МЕНІҢ



*Нұрқанов  
Жарасбай*



*АРМАНЫМ  
МЕНІҢ*

Өлеңдер

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1980

Қаз2  
Н86

**Нұрқанов Жарасбай.**

Н 86 Арманым менің: Өлеңдер.— Алматы:  
Жалын, 1980.—48 бет.

Жарасбай Нұрқанов — кәйшаған еңбектің ортасын-  
да жүрген ақын. Сондықтан да болар, ақынның бұл  
жинағына еңбек адамдарының ерен ісі, сәулетті қала,  
дәулетті дала, көркейген ауыл жайлы жазған өлеңдері  
жинақталған.

Қаз2

Н 70403—151  
408|05|80 154—79 — 4702230200

© «Жалын» баспасы, 1980

93

54012

023273

## **ЖҮРЕГІНІҢ ТҰСЫНДА ПАРТБИЛЕТІ**

Емендей қанат жайған желді күнгі  
Жер-көкке саясы мол елдің ұлы.  
Қоймайды көңілді нық сендіртпестен  
Жанының жақұттайын мөлдірлігі.

Тайынбай небір жайды бағалаудан,  
Кезі жоқ әділеттен табан ауған.  
Мініңді көзге шұқып көрсетсе де,  
Аулақ ол ағаттығың табалаудан.

Қымсынбай қиындықтың мыңынан да,  
Бастайды заман көшін мығым алға.  
Қалайша көсегесі көгермесін  
Елімнің тап осындай ұлы барда.

Жер жыртсын, кен аударсын, Айға қонсын,  
Бақытын барша көптің ойлар ол шын.  
Тұтқасын жаңа өмірдің тұрған ұстап,  
Коммунист — оның аты қайда болсын.

Айнымай ұстаған жол, алған беті,  
Тапжылмас асыл мұрат, ақ ниеті.  
Жүрегі коммунистің екеу дерлік,  
Жүрегінің тұсында — партбилеті.

## ПЕРЗЕНТ-ПЕЙІЛ

Жолдама нық, жол сара  
Жер түбіне жетерге.  
Сапар жиі болса да,  
Шыққан жоқпын шет елге.

Дөңгеленген әлемнің  
Екі беті тым шұбар.  
Салтын, сәнін әр елдің  
Білген, бәлки, жөн шығар.

Жол түссе де ең жырақ,  
Бөгет таппан нарқынан.  
Туған елден мөн бірақ,  
Шет жүруге тартынам.

## ҰЛАҒАТ

Ленин деп ойланудың өзі берен,  
Кеуденді кернейді бір сезім ерен.  
Толқисың толғақты ойлар құшағында,  
Ұл болсаң ұлылықтан безінбеген.

Қыздырып тұратұғын күнге иығын,  
Таулардың тұғыр етіп ең биігін.  
Боласың бойлағандай емін-еркін,  
Теңселген теңіздердің тұңғығын.

Жайқалып ақыл-ойдың ну орманы,  
Тарқайды күмәндану тұмандары.  
Ғарышта жусап жатқан жұлдыздардай  
Өр сөзі — адамзаттың ізгі арманы.

Оны ойлап кей ісіңнен қымсынасың,  
Оны ойлап өз-өзіңнен құлшынасың.  
Көңілдің көкжиегі кеңі бермек,  
Ленин — күн мол шашқан соң шұғыласын,

## ОКТЯБРЬ

Адам біткен  
Аңсап күткен сан ғасыр,  
Еркіндіктің арай таңы — Октябрь.  
Жүрегімнің түбіндегі ең асыл  
Жырларымның бар айтары — Октябрь.

Аса заңғар  
Аппақ мәрмәр үй көрсек,  
Сәулет-сәннің ірге тасы — Октябрь.  
Ғарышқа да самғап ұшып үйренсек,  
Шарықтаудың әуел басы — Октябрь.

Елден бұрын  
Күннің нұрын өбетін  
Тау шынары тақылетті — Октябрь.  
Байтақ өмір қойнауларын көретін,  
Шам-шырағы әділеттің — Октябрь.

Жеңбей қоймас  
Неңдей бөгет тұрса да,  
Қасиетті күшке толы Октябрь.  
Бекем тарта беретұғын жыл санап,  
Еліміздің мүшел тойы — Октябрь.

## **АМАНКЕЛДІ-САРДАРЫМ**

Қозғай білген көңілдің шер-шеменін,  
Намыс буған, наркескен семсер ерім.  
Көнбіс тарта бастаған кедей-кепшік  
Сен арқылы көтерді-ау еңселерін.

Бастай білген тар кезде тамам елді,  
Алмас қылыш ардагер Аманкелді.  
Ғажаптығы-ау бұл-дағы қазақтың бір,  
Алаш емес,  
алаңсыз саған ерді.

Туа білген тұрғанда ақсап елі,  
Сүйем сені, Торғайдың большевигі.  
Ескерткішің бір емес, мыңға жеткей,  
Тұғыр болып даланың барша белі.

## **ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАБЫ**

Жалтылдақ ақық-лағыл, алмас, берен,  
Естимін асылдар деп елден ерен.  
Мектептен алтын медаль алғаным бар,  
Әйтпесе інжу ұстап көрген емен.

Білмеймін гауһар тастың түрін-түсін,  
Сутастың сұраппын ба құнын, күшін.  
Тақпадым, сатпадым мен жақұтыңды,  
Ғаламның ғажабы өзге менің үшін.

Ғажап қой қызыл бидай, бадана дән.  
Асыл деп соны айтсамшы бағанадан.  
Мен білген азды-көпті дүниеде  
Жоқ деймін асқан көркем, адал одан.

## ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Кемел ойдың оты ма,  
Қызғылт ұшқын бардай бір.  
Қандай жеңіл оқуға  
Ағып тұрған балдай жыр.

Үміт, тілек, мұңы да  
Әрі жарқын, әрі ізгі,  
Қона кеткіш ұғымға,  
Күннің нұры тәрізді.

Әсем анау Кернге —  
Іңкәр, нәзік күй әлі.  
Әйел сонша керім бе,  
Әлде ақынның қиялы.

Тәжге, таққа сөзі дәй,  
Достық әні жаңғырып.  
Еркіндіктің өзіндей,  
«Ескерткіші» мәңгілік.

Шыншыл жанның жүзіне,  
Біткендей бір сыршылдық.  
Құғын жылдар күзінде,  
Жазды-ау жылдам, шым-шым ғып.

Өзен бойын жағалап,  
Көп телмірген айдынға,  
Сонда шабыт — шағала,  
Ақ қанатын жайды ма?

Тоғай кезіп кешқұрым,  
Жұрттан безіп кеткенде.  
Ұйқаспаған еш бұрын,  
Сөзге қолы жеткен бе?



Көңілден шер тыйылмай,  
Ойға шомған кезінде.  
Жаңа туған қиық Ай  
Тиді ме екен сезімге.

Не десең де сыйымды,  
Нақыш қандай, наз қандай.  
Небір тылсым қиынды,  
Қиналыстан жазғандай.

Жоқ, жоқ, бауырым, бекер ол,  
Күшті жырға күш керек.  
Отырады екен ол  
Қалам түбін тістелеп.

Еркін, жарқын толғады,  
Ең бір ауыр сырын да.  
Сірә, сиқыр болғаны,  
Қаздың қауырсынында.

Жұмыр\_жердің үстінде,  
Ғұмыр кешкен әр ұрпақ.  
«Мыс салт атты» Пушкинге  
Өтсе керек таңырқап.

## ҚАЙРАН, ТАРАС

Тасқа біткен қарағайсың,  
Туған ұяң тұлдыр, тақыр.  
Қайда барып паналайсың,  
Өгей торда өстің пақыр.

Күні түгіл, айы тумай  
Зерек кеуде, шебер қолдың,  
Қайран, Тарас, тағдыры удай,  
Энгельгардтың құлы болдың.

Үйшігінде Ширяевтің  
Тұла бойың дір-дір еткен,  
Өмір мәнін ширай ұқтың,  
Өнер сырын білдің еппен.

Өнер сүйгіш, талант тапқыш  
Орыста бұл көп қой ұлан.  
Деді-ау бірден: «Қанат қаққыз,  
Босат құлдық бұғауыңан».

Мейірлі бай кездесе ме,  
Көз жасыңды сорғалатты.  
Шын бағаңды сезбесе де  
Қымбат сұрап, зорға сатты.

Тұңғыш рет шаттанғаның  
(Ақырғы да шығар, мүмкін).  
Үрдіс түлеп жатты әрманың,  
«Пақырларға шығар ма Күн?»

Туды жырлар тентек ойлы —  
Көкіректе тұнған көп зар.  
Көкейден бір кетпей қойды  
Елдің мұңын шерткен «Кобзарь».

Қыл қаламды, жыр қаламды  
Еркін күнде бап ұстадың.

Тым қараңғы, зіл заманды  
Серпілтуге бағыштадың.

Сұмдық бірақ анау патша,  
Өршіл үнге қырсық әкім.  
Шындық оты алау атса,  
Сендіруге тырмысатын.

Шеңгелімен тұрды бүріп,  
Үзді гүлдей Лермонтовты.  
Тыңшы қаптап, тінту жүріп,  
Жағдай мүшкіл енді тіпті.

Самұрықтың тырнағы зор,  
Қанды шеңгел саған тиді.  
Бұғалық сап жырларыңа ол,  
Бейнелеуді қатаң тыйды.

Ауған жерің қандай шалғай,  
Соры қалың сортаң мекен.  
Тасқа біткен қарағайдай  
Қасарысып бақтың бекем.

Озбыр таққа кекті қанжар,  
Қонышында жүрді өлеңдер.  
Болады деп еттің болжал  
Оған да бір дүрбелеңдер.

Сенің мықтап сенгеніңдей  
Көктем желі жетті, Кобзарь,  
Өзен-көлдің сеңдеріндей.  
Еріп мүлдем кетті мұң-зар.

Өзің айтқан «Өсиетте»  
Еркін ұрпақ, асқақ әнім.  
Сол үшін де қасиеттеп,  
Шапағатпен еске аламын.

## МАЙБАЛЫҚ

Белден асып,  
Көлден қашып, айналып,  
Соқпақ, соқпақ,  
Бара жатсың қайда алып.  
Мың бұралып,  
Жүз өрмелеп, жүз түстің,  
Жерде ме еді,  
Көкте ме еді Майбалық.

Қандай ұзақ қарағайлар дәлізі,  
Қаусырмалап тарта бермек, тәрізі.  
Бізге дәйім жолбасшы боп жатады.  
Алдымыздан жүргендердің әр ізі.

Адам ізі айқын түскен тасқа да,  
Біз де сүрлеу қалдыра алсақ басқаға.  
Құмдақ жолмен жүрдек басып келеміз,  
Ең болмаса жүрер жолды ластама.

Орман бітті.  
Басталды дөң, бел-белес.  
Сағым ойнап, көздің алды — көп елес.  
Оңда да жоқ,  
Солда да жоқ сортаң көл,  
Сонау көлге ентелесек, ол да емес.

Таптық ақыр.  
Жерде жатыр Майбалық.  
Ойхой, соқпақ,  
Келдің бізді қайда алып.  
Наубайшының нан илейтін суындай  
Сұп-сұр тартып жатыр дейсің шайланып.

Шеті таяз.  
Түбі тасты, қияқты,  
Жай балық жоқ,  
Майбалық деу ұят-ты.  
Дарыны зор,  
Даңқты бір жандардың  
Көзге қораш келетіні сияқты.

Түрінде емес,  
Түбінде ғой мәнісі,  
Тұзды суы — дайын тұрған дәрісі.  
Мұндай суға батпайды екен кісі де,  
Жатар ма еді  
Жарты сағат әрісі.

Тұзға түсу оңай емес демікпей,  
Майбалыққа түсіп-шығу ерліктей.  
Көкшедегі көп лириктен өзге бұл,  
Жалғыз ащы сатиригі дерліктей.

## **АЖАРЛЫМ**

Қарлығаштың қанатындай  
Қасың діріл қағатыны-ай,  
ажарлым.

Жүзің сенің — жүзім шарап,  
Басқа бірден шабатындай,  
ажарлым.

Үн қатқаның уыз бөлдай,  
Жанарыңда жұлдыз бардай,  
ажарлым.

Тыныш жүрген жүрегіме  
Өз кеудемді ұрғызардай,  
ажарлым.

Қаздай аппақ омыраулы  
Саған көңіл толық ауды,  
ажарлым.

Құмартпасқа қоймайтұғын  
Күлкің сенің қоңыраулы,  
ажарлым.

## ЖАҢА ЖЫЛҒА ШАШУ

Жылдың соңын сыпырғандай,  
Қарлы құйын соқты-ай келіп.  
Бағандарда сықыр бардай,  
Тағандары тастай берік.

Желге құлақ аспау қиын,  
Гу-гу етіп барады үдеп.  
Қыңырлыққа басқан күйі,  
Әйнектерді қағады кеп.

Жерден ұйтқып, көктен құйғып,  
Өн бойынан саулайды қар.  
Қаптап жеткен өктем бұйрық —  
Көп қағаздан аумайды дәл.

Ұйтқи соққан дәй борасын,  
Долылықпен теңселгендей.  
Шопан үйін, қой қорасын,  
Бүтін бе деп тексергендей.

Дала төсі тартқан қобыз,  
Оқтың-оқтың ышқынады.  
Қайырмасы тоқсан тоғыз,  
Шырқау сәті ысқырмалы.

Жер мен көктің екі арасы  
Ақ түтекпен толып алған.  
Танаптардың шекарасы,  
Сезілмейді омбы қардан.

Тұла бойы тұнған ақық,  
Орман-тоғай, ол да шулы.  
Дарқан дауыл тынған ақыр,  
Үйіп-төгіп мол шашуды.

Аңқау боран айтып қойды,  
 Жаңа жылдың кеп қалғанын.  
 Шаттық лебі шарпып бойды,  
 Жаңа бақыт, жетті арманым.

Борандатып келген боздақ,  
 Аңқылдаған жомарт болғай.  
 Жаңалығы күнде қоздап,  
 Жақсылығы елге толғай.

Болсын делік бұл Жаңа жыл  
 Әнге жомарт, дөнге дарқан.  
 Бүршік жарып бір ғажап жыр,  
 Ашық-жарқын атсын әр таң.

### АСЫҚҚАН КӨҢІЛ

Ауыл шалғай,  
                         астанадан шеткері,  
 Екінші таң елге сапар шеккелі.  
 Күмбірлеген күй тыңдатып келеді,  
 Рельстер — қырдың темір ішектері.

Әттең, жиі тағылғаны-ай пернесі,  
 Таусылмайды-ақ жолдың ұзақ термесі.  
 Әлсін-әлсін қайырмасын қайырып,  
 Беу, машинист, жолда тоқтай бермесі.

Жүрегіммен бір дүрсілде, доңғалақ,  
 Өрекіген көңіліме бол қанат.  
 Көзі талған шешем менің түс көріп,  
 Жүрген шығар інім менің жол қарап.



## БІЛІМНІҢ КӨКТЕМІ

Бірінші сентябрь —  
білімнің көктемі.  
Уыздай қоп-қою  
күннің нұр төккені.  
Бәйшешек тәрізді  
балақан жаны ізгі,  
Аңсары — мектебі,  
арманға беттеді.  
Құмартып жүргені  
мұнартып сағымдай,  
Елеңдеп келеді  
еліктің лағындай.  
Ақ қанат кербелек,  
аумаған шағала,  
Кіршіксіз көйлегі  
кіршіксіз арындай.  
Шылдырлап қонырау,  
шымырлап тұла бой,  
Тулампаз жүрегі,  
желкілдеп құрақ ой.  
Алаулап төңірек,  
жалаулар желбіреп,  
Жәудіреп қарайды  
дей ме деп: «бара ғой».  
Зейіні ересен,  
бейілі елгезек.  
«Танауын тартуы  
босаңдау» демесек.  
Әр үйдің еркесі,  
жер сүзген сөмкесі,  
Болашақ ғалымдай,  
кетік тіс келешек.  
Құндыздай кекілі  
құлыншақ секілді,

Ойнақтап жүргендер  
оқуға бекінді.  
Оң сапар, бүлдіршін,  
жол болсын, жеткіншек,  
Білімнің қызығы  
билесін еркінді.

### МЕКТЕБІМ

Балғын шақ базарын өткізіп,  
Ұяңнан ұшып бір кеткемін.  
Өмірлік кең айдын, көп қызық  
Өзіңнен басталған, мектебім.  
Мектебім!

Ой өссе шынардай зорайып,  
Тамыры — тағлым қып еккенің.  
Өзгеге ұстаз-ақ болайық,  
Өзіңе шәкіртпіз, мектебім.  
Мектебім!

Алтын күз, жас толқын, жаңа таң,  
Білімнің ашасың беттерін.  
Біздерден аумаған балақан  
Өзіңе барады, мектебім.  
Мектебім!

## ІҢКӘРІМ

Сен дегенде сезім қылы шертілді,  
Сен келгенде көңілден бұлт серпілді.  
Заңғарымда жымық қаққан жұлдызым,  
Биік арман  
    билеп алған еркімді.

Сең жүргесін өзен тасып аққандай,  
Сен күлгесін жаным шаттық тапқан, бай.  
Аңғарымда сылаң қаққан аққуым,  
Нәзік үміт,  
    назды үнімен тартқандай.

Сені мақтап бұлбұл сайрап кетеді,  
Сені жақтап шықтар мөлт-мөлт етеді.  
Орманымда елең қаққан елігім,  
Төбем көкке  
    тимей тұрды екі елі.

## АҒАРСАҚ

Бұрқ та сарқ бұрнағы күн қарлы құйын,  
Көп тартты ақ түтектің ауыр күйін.  
Сақылдап сары аязы тұрды кеше,  
Тымырсық — бүгін тыныс алу қиын.

Ақ боран, сары аязы — күші дейін,  
Маужырап тұруы не, түсінбеймін.  
Сұп-суық, кәрлі қыстың өзі-дағы,  
Қыры көп, сыры қиын кісідейін.

## ЖАРТАС

Тынымсыз түртіп, құжалап  
Толқынды толқын қуады.  
Жартастың жүзін су жалап,  
Тоzaңын, татын жуады.

Сонда да Жартас өкпелі,  
Сазарып мойнын бұрмайды.  
Аумалы да төкпелі  
Толқын қайтпай тұрмайды.

## ЕЛГЕ СЕРТ

Мен бұрын сыршыл, күйшіл жас ақының,  
Жанымның алауымен жазатыным —  
Кіл, өңкей өлеңі еді махаббаттың.  
Сұлуға иіс судай шашатынмын,  
Ұсынып нарт гүліндей абат бақтың.

Мен енді азаматпын, ойшылыңмын.  
Тоқтаусыз айналдырам ой шығырын,  
Аумаған арып-талмас нар түйе анық.  
Мүддесін егінші қыз, қойшы ұлыңның  
Паш етер жырларым бар партиялық.

Ақындық — сан мамандық дипломым,  
Ақылдың күйін шертпек екі қолым.  
Аралап ой-қырыңды жатсырамай,  
Иненің көзіндегі бір кетік орын  
Кездесе, қағыламын қақ сынадай.

Ұстатты қалам-айыр малшы маған,  
Сиям-тер маңдайымнан тамшылаған.  
Дәптерім желеңіндей дәрігердің.  
Кеншідей керек сөзді аршып алам,  
Құрыш қып қорытуға әбігермін.

## НЫСАНА

Сығалап келіп көздеген  
Бір алып демін, бір үзіп;  
Аңшыны сонау сезбеген  
Алаңсыз үйрек жүр жүзіп.

Сезбеді байғұс, сезбеді,  
Қояды сәл-пәл шайқалып.  
Көздеді мерген, көздеді  
Асықпай, еркін, жайланып.

Туралап әбден дәлдеді,  
Білгесін құстың үрікпесін.  
Нысана көзге дәл келді,  
Басады-ау енді шүрппесін.

## ЖІГІТТЕРГЕ

/Степан Щипачевтан/

Жүзіңе сенің ұстара тиді,  
Түсіңе кірді қыздар да жиі.

Қыздардың гүл-гүл біреуін ерек,  
Қырмызы көріп, іздеуің керек.

Кетсең де кезіп жаһанды мына,  
Табуың керек сол қызды ғана.

Жасауы жайнап тұрған жоқ оның,  
Бақытың бірақ қолында соның.

## ГЕОЛОГПЕН ӘҢГІМЕ

(Степан Щипачевтан)

Айтты маған геолог:  
«Дәл демейін есебі,  
Жердің жасы жылменен  
Екі миллиард деседі.

Планета заңында  
Өзінше ғой жыл легі.  
Әлгі жасты ғалымдар  
Балалық деп біледі».

«Болсын солай» дедім шат,  
Бұл бір нағыз бақыт та:  
Коммунизм орнатсақ  
Жер шары жас уақытта.

## ӨМІР-ДАҒЫ БАСПАЛДАҚ

Есік алды басқыш еді көк тастан,  
Келе жатты шығып біреу лаң басқан.

Көз жоғары, көңіл көкте, шалқақтай —  
Ұшып түсті кенет алға қалпақтай.

Тарс еткізіп соғып алды шекесін,  
Көрген жұрттың кескінінде кекесін.

Өмір-дағы саты-саты баспалдақ,  
Қарамашы тым жоғары аспандап.

Қалықтап қар ұшқыны бейне кемік,  
Сәуірде сазға қонып, жатыр еріп.  
Бұл енді бұрынғыдай күміс емес,  
Адам жоқ мойын бұрған бейіл беріп.

Болмашы бозғылт тартты қарайған қыр,  
Қазандай тұз себелеп тастаған бір:  
Соңғы рет жауған қардай жарамсыз-ау  
Кезінде айтпаған сөз, аспаған сыр.

### ТУҒАН АЙМАҚ

Шалғынның тербеп басын жел,  
Жан біткендей жасыл бел.  
Қуаныштан толқыған  
Анашымдай асыл жер.  
Дидарындай әкемнің  
Аспаны шайдай ашық ел.

Жұлдызы жайнап көгінде,  
Ай шомылған көлінде,  
Ақ балтырлы қайыңнан  
Жасыл желек төгіле,  
Туған аймақ тұрады  
Әрдайым перзент көңілде.

Арай таң атқан тәрізді  
Армандарым бар ізгі.  
Ұшқыр аттай мезгілдің  
Әрбір сәті маңызды.  
Өтесем деп ойлаймын  
Мойында жүрген парызды.



## ОРЫС ЕЛІ

Аспан түстес көз жанары көкпеңбек,  
Кеуде қақпай «кереметпін тек мен» деп,  
Ашық-жарқын сөйлейтұғын, күлетін  
Орыс халқын үлгі тұттым көптен-көп.

Шынға кетсе —

төре демей, төр демей,  
Шындық үшін өре тұрар өр кедей.  
Бас кессе де баспайтұғын жалтаққа  
Және соны бұлдауы жоқ өңгедей.

Өз тілегін, өз білегін серпін ғып,  
Өмір бойы көксегені — еркіндік.  
Орыстың біз әр ісінен үлгі алдық.  
Білім қудық, білек түрдік, желпіндік.

Бақытына байтақ дала, қазақтың  
Орыстардан келді жарқын, азат күн.  
Бостандықты бөле-жармай бір көрген  
Большевиктер дарқандығы ғажап тым.

Екі тамыр тағдырлас та қоныстас,  
Дедік мәңгі емін-еркін қол ұстас.  
Жүз бір жұрттың діңгегіндей орыстар —  
Пушкин жырлы, Ленин нұрлы зор ұстаз.

Сақал-шашы сарғыш тартқан егіндей,  
Күнге күйіп жүрген соң ба ерінбей?  
Алтыннан да асылымыз — дән болса,  
Дәннің өзі орыстардың өңіндей.

Сансыз жылдар сынға түскен мың түрде  
Адал достық алмастай нық бұл күнде.  
Қазақ жерін өліп-өшіп сүйгендей  
Орыс елін ардақ тұтпау, мүмкін бе?!

## КҮН

... Күлім қағып Күн жарықтық  
Шыққан сайын ұясынан,  
Дүниені жап-жарық қып,  
Сәулесінен гүл ашылған.

Тіршіліктің күмбезіне  
Жарқыратып ілген шамдай.  
Нұр себелеп жер жүзіне,  
Елжіреуі сүйген жардай.

Көлдер ысып, булар ұшып,  
Төңіректі мұнар басқан.  
Көкті кенет бұлттар құшып,  
Бүркеп жатыр ұялмастан.

Көлеңкелер төне қалған  
Күншілдердің күңкіліндей.  
Сонда маған өлең арман  
Жазғы күннің күркіріндей.

Жайнап кетер торғын аспан  
Жарқ еткенде алтын тегеш.  
Бұлтты жарып, сәуле шашқан,  
Мықты болсаң, Күнге теңес...

Жұпар аңқып жалбыз тұрды,  
Шегіртке күй тартады кеп...  
Жазғырамыз жалғыз Күнді,  
Кейде ерте батады деп.

Жігер-қуат беретін бай  
Күн емес пе жер-жаһанға?..  
... Елдің міншіл келетіні-ай,  
Жұмыс істеп жүрген жанға.

## ҚАЙСАР

Қара тасты қақ жарып,  
Шыңға біткен қарағай.  
Сынға түсіп пәк жаны,  
Қайсар тартқан данадай.

Тамыр терең, мәйек аз,  
Тастың қойны безерген.  
Күндіз аптап, түнде аяз —  
Алмасуын сезем мен.

Жасын ойнап жазғы бұлт,  
Құйды нөсер, құйды кеп.  
Түзулігін жазғырып,  
Соқты бұршақ түйгілеп.

Қара суық азынап,  
Үрей шертті күзгі жел.  
Ойшаң болып азырақ,  
Бойшаң тартты үздік ер.

Таудың қысы — тауқымет,  
Үскірігі көп тегі.  
Қасарысқан қалпымен  
Өсті шынар, көктеді.

Қуат етіп күн нұрын,  
Биік бойлау ғажап-ақ.  
Қиындықтың мың түрін  
Жеңгендей бір азамат.

## **КӨКТЕМ**

Әйнегін зеңгір көктің мөлдіретіп,  
Көйлегін сеңгір таудың торғын етіп,  
Самал боп, сағым ойнап келген көктем  
Бұлақты бұйралауға қандай жетік.

Гүлді көйлек киінген төбе бүгін,  
Сұлу қыздай, өзі айтсын төрелігін.  
Қойғандай тырналарды жіпке тізіп,  
Көктемнің таусылмастай өнері мың.

Төбіндеп майса-мұрты атыраптың,  
Көл жатыр көз жанары жалтырап тым.  
Жас талдың бүршіктері бүртиып тек  
Сыбдырын сала алмай тұр жапырақтың.

## КҮМБІР-КҮМБІР ШАТТЫҚ ҮНІ

Оқа-зері таңғы шықтай,  
Сырғалары мың шамалы.  
Күйеу күткен қалыңдықтай  
Жаңа жылдың шыршалары.

Әркімнің де арманы бар  
Кеудесіне жүрген бөлеп.  
Тіршіліктің әр таңы бал,  
Жаңа жылдың жөні бөлек.

Төрі дарқан, шамы шаңқан  
Аңсай күткен әрбір үйдің.  
Күміс күлкі сыңғыр қаққан  
Арасында ән мен күйдің.

Ақ қайнардан тығын ашып,  
Көңіл бұл сәт ноян енді.  
Жан-жүйені шымырлатып  
Курант соғып қоя берді.

Күмбір-күмбір шаттық үні  
Шар тарапқа асқақ жетті.  
Жылдың жаңа, сәтті күні  
Өз билігін бастап кетті.

## **ЕРКІНДІК ЖЫРЛАРЫ**

Қараймын күліп атқан күміс таңға,  
Балаймын туған елді гүлстанға.  
Кешеулеп көрген емес аялауы,  
Тежеу жоқ тура сөйлеп, ту ұстауға.

Отанның оттан ыстық құшағынан  
Алысқа, ғарышқа да ұшады ұлан.  
Әлемде біздің елдей жер жоқтығын  
Сеземін өшпес ерлік нышанынан.

Еркі мол ердің кәсіп таңдауына,  
Еркін жол өрлеуіне, талмауына.  
Советтік алтын Заңның арайы ғой  
Дем берген, деңгей берген самғауына.

Мың мәрте сүйсінгендей ерікті ұлан,  
Елім бар мың бір ерік беріп тұрған.  
Жарқырап шуақты күн шұғыласы  
Азамат екенімді кең ұтқырған.

Бау масақ, Балға-Орақ тұр гербімізде,  
Қызық ой, қызу еңбек кені бізде.  
Отаным таза ауалы таңғы ормандай,  
Бір ғажап еркіндік бар демімізде.

## **ЕКЕУ АРА**

Екі жүрек жұп болғасын  
Бірдей лүпіл, бір демі.  
Жас отаудың мықты орнасын  
Сенім дейтін діңгегі.

Екі тағдыр біріккесін  
Дәйім ортақ күн көзі.  
Толған айдай биіктесін  
Татулықтың күмбезі.

Екеу ара бүршік жарсын  
Іңкәр жұптың жүзімі.  
Қолдан ешбір сусымасын  
Махаббаттың жүзігі.

## КӨКТЕМГІ СЕРУЕН

Менің сөзім мүмкін қиғаш, мүмкін дәл,  
Теңеулермен сөйлейтұғын ғұрпым бар:  
Әлі құрғап үлгірмеген алаққай  
Киіз төсеп тастағандай былқылдар.

Айдын көлге қарадым да мен келіп,  
Жақсы теңеу таппай қойдым сенделіп.  
Басын шайқап отырғандай дәл соған  
Көк ала үйрек көл бетінде тербеліп.

Аспандағы тырнарлардың тізбегін  
Талып жеткен дауысынан іздедім.  
Бақыт бардай қанатындай құстардың,  
Күнгеі жақтан күдерімді үзбедім.

Арнасынан асатындай бұрқылдап,  
Бұлақтар да көктем сайын бұлқынбақ.  
Өзін-өзі мақтауы да қызық қой  
Көкек дейтін көксоққаның сұңқылдап.

Айнала дүз мұнарланған көгілдір,  
Өз-өзімнен құмарланған өмір бұл.  
Мың бірінші жер серігі секілді  
Әлдеқайда, әлденеде көңіл жүр.



## МҰРАТЫМ

Отаның от басынан басталады,  
Сүйемін жан-жарымды, қос баламды.  
Шертіліп татулықтың тәтті күйі,  
Серпіліп қарсы аламыз дос-жаранды.

Аз емес қымбат құрдас, асыл құрбым,  
Солардың арқасында тасып жүрмін.  
Біреудің бетін жыртып көрген емен,  
Аламын сыйластықтан басын жырдың.

Көршім бар түсі жылы, бойы биік,  
Мығым жан жұмыр темір жүрген иіп.  
Мереке-мейрамдардың тұсында бір  
Шаттықтың шарабынан тұрар құйып.

Көп менің көз танысым ел ішінде,  
Елпілдеп тұрады әрбір келісіме.  
Арадай нәр жинаған насаттанып,  
Баладай бөленемін кенішіне.

Отаным — мың-мың ауыл, мың сан қала,  
Сүйкімді-ақ жұпар көше, жусан дала.  
Дариға, жеттім дер ем мұратыма —  
Ақыны бүкіл елдің болсам ғана.

## ҚОҚИ ҚАЗДАР

Ұзын мойын, ұзын сирақ,  
Елге таңсық қоқи қаздар.  
Өзі маңғаз, өзі ширақ,  
Топшысынан толқын қоздар.

Өткір қармақ — имек тұмсық,  
Қалай-қалай икемдеген.  
Жер бетінің сирек құсы  
Теңіз, көлді мекендеген.

Ұшар басы қауырсынның  
Қызғылт ұшқын — қызық жамау.  
Қанатының қағысы мұң,  
Қаққан сәті алау-жалау.

Құлпырады, қызыл манат,  
Көк айдында көркем нендей.  
Ұшқан сайын ұшқынданат  
Теңіз үсті өртенгендей.

## МЕНИҢ ЖЫРЫМ

Жырларым — табиғаттың сыйы маған,  
Кеудеме тұнған, бірақ ұйымаған.  
Жып-жылы, жаңа сауған сүт секілді  
Кіршіксіз ақ қағазға құйып алам.

Құямын елдің ортақ қазанына,  
Жетсін деп қыр мен сырдың қазағына.  
...Жырымды сүтке теңеу себебім сол:  
Таппадым бұдан аппақ, тазаны да.



## ҚОРҒАЛЖЫН

{Ә н і б а р}

Қызыл қаз — қызғалдақтай айдыныңда,  
Шатырдай қанаттарын жайды мына.  
Әсемдік әлемінің базарындай,  
Қорғалжын, баға жетпес байлығыңа.

Әшекей, Мөнек — егіз,  
Бәсеке — Шалқар, Теңіз.  
Аққулар жүзін көрген  
Айдынын айна деңіз,  
айна деңіз.

Жақсыкөң, Жаманкөңнің жағасы тал,  
Жарысып аққанында жарасым бар.  
Мыңғырған отарлары өзен бойлап,  
Жетістік көрмесіндей даласы дәл.

Жанбөбек, Талды, Баршын,  
Сауығы таңға барсын.  
Әніне айыз қанып,  
Сәніне таң қаларсың,  
таң қаларсың.

Өрімдей қыздары көп Өріктінің,  
Егіндей тербелгені көрікті тым.  
Жасқанбай темір тұлпар тізіндеген,  
Отанға берген сертке берік бүгін.

Күнтимес, Құланөтпес  
Аңызбен тұрған шектес.  
Борықтай Бойжеткеннің  
Бұрымы Нұра тектес,  
Нұра тектес.

Ежелден ақтылы қой тұрағындай,  
Бүгінде алтын дәннің бұлағындай.  
Махаббат, достық өнін ту көтерген,  
Қорғалжын, Теңізімнің құнары бай.

Аршаты, Кенбидайық,  
Атына көркі лайық.  
Асырып елдің даңқын,  
Ағайын, кел, шырқайық,  
кел, шырқайық.

### ДОСТЫҚ ЖЫРЫ

Байтақ елім,  
                  ұланғайыр көлемі,  
Байқоңырдан ұшқан ғана көреді.  
Біздің биік самғаулардан туған ғой  
                  Жүз бір ұлттың өлеңі.

Бағбан елім,  
                  бауырласқан ұл-қызы,  
Алуан гүлдей, алау күндей нұр жүзі.  
Біздің мөлдір көгімізде жайнайды  
                  Жүз бір ұлттың жұлдызы.

Дарқан елім,  
                  дән мұхиты тәрізді,  
Толқын-толқын дәулетіміз бар ізгі.  
Біздің жарқын болашақты көксеген  
                  Жүз бір ұлттың аңызы.

Ортақ елім,  
                  Отан деймін әуелі,  
Орақ-Балғам мәртебелі, мәуелі.  
Біздің берік ынтымақты шырқайды  
                  Жүз бір ұлттың өуені.

## ЖҰЛДЫЗЫМ

[Ә н і б а р]

Торғын көктен толықсып ай қараған,  
Майда самал маңдайдан аймалаған.  
Жарқын кеште, жан сәулем, тұрмын тосып,  
Қуанта кел, құшақты жай да маған.

Бақытымның көгінде,  
Көңілімнің төрінде  
Жаңа туған жарқырап жұлдызымдай,  
Кел, сәулешім, бүгін де.

Жүзімізді тұрсын ай нұрға шайып,  
Жүректердің дүрсілі-ай тым ғажайып.  
Басыңды қой кеудеме, кермиығым,  
Арман жайлы армансыз сырласайық.

Бақытымның көгінде,  
Көңілімнің төрінде  
Жымың қаққан сыралғы  
жұлдызымдай,  
Күл, сәулешім, күлімде.

## ТАНЫСТЫҚ ТАНГОСЫ

Қуаныш кернеген шаңырақ  
Шаттықтан кеңейіп кеткендей.  
Көңілдер жағалай жадырап,  
Сауығы — самалы көктемдей.

Сызылтып бастаған әуеннің  
Назы мен нақысы дәл болсын.  
Билейік біз бірге әуелі  
Танысу тангосын.

Күлкілер сыңғырап күмістей,  
Думан той дуылдап барады.  
Әзілдер жұп-жұмсақ пүліштей,  
Жаныңды желпінтіп алады.

Жарасқан жастыққа құмартып,  
Көз салған көпшілік таң болсын.  
Билейік буынды бұралтып  
Табысу тангосын.

Өмірдің өтуі тәрізді  
Тойдың да тарқауы заңды ғой.  
Кеудемде бір сезім бар ізгі,  
Әзірге айтылмай қалды ғой.

Мен саған қосылып айтам өн,  
Өзіңмен көңілді, жан досым.  
Билейік соңыра қайтадан  
Қоштасу тангосын.

## **ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖӨНІ БӨЛЕК**

Елжіреу — емес шығар жасықтығым.  
Егілу аулақ менен, ашық күнім.  
Ешкім мені бөтенсіп көрген емес.  
Жүргенмен ауылымнан қашық бүгін.

Елімнің қаласы көп самсап тұрған,  
Мен мүмкін қоныс табам алшақ бұдан.  
Одақтың ойы, қыры бір емес пе,  
Әйтсе де туған жерді аңсап тұрам.



## МӘҢГІ МҰНАР

### Баллада

Көкшетаудың тарқамайды мұнары,  
Көрген жанның тарқамайды құмары.  
Көк буалдыр арасынан таптым жыр  
Тау жігіт пен бойжеткен Бұлт туралы.

Жер қойнынан жеті құлаш тас шығып,  
Жедеғабыл өсіп жеткен жас жігіт.  
Сонадайдан соқталанып тұрған ол  
(О замандар заңғар жандар азшылық).

Емін-еркін иемденіп жер-көкті,  
Жаны жайсаң, болды бойшаң, келбетті...  
Сол бір жылдар, сарша тамыз, сәскеде  
Көк жүзі де көрді бір қыз перзентті.

Аспан қызы — алақандай ғана Бұлт,  
Түткен түбіт секілденіп, таралып,  
Бола қалды аппақ, жұқа, биязы,  
Жан-жағына, өзіне-өзі қаранып.

Ақ болғанда аппақ-ау тым, сақтай гөр,  
Бұл тұрғанда айды қоңыр дақтай көр.  
Айдын келдің борығындай бөбекті  
Жабыла кеп жата қалып мақтайды ел.

Өзі-дағы өскен жылдам сағаттап,  
Сылқым сұлу бола қалған заматта-ақ.  
(Қыздардың тез оянады санасы,  
Жүрсе жігіт балалықтан жаңа аттап).

«Өзім аппақ,  
өзім жеңіл, майдамын,

Жоқ кемшілік келбетімде, бойда мін.  
Енді неге егіз емей, сыңармын?  
Сыңар болар,  
маған серік, қайда, кім?»

Осынау ой, тосындау ой, үмітпен  
Бойжеткен Бұлт айнала көз жүгірткен.  
Төңіректі түгелімен шолып кеп,  
Көзін алмай қалғаны бір жігіттен.

Қарағаны, қалағаны — Тау бағлан,  
Қара мұның жаңылмауын таңдаудан.  
(Махаббаттың машақаты басталмақ  
Көзің түсіп, көзді бір сәт алмаудан).

Сөйтіп сол Бұлт жерден Тауды аңғарды,  
Кесек тұлға, кескініне таң қалды.  
Бұлттың енді бүкіл арман, аңсары  
Таудың өзін тамсантуға арналды.

Қыпша белі үзілердей үлбіреп,  
Көктің қызы көйлек киді гүлдірек.  
Көк айдында желбіреген желкендей  
Көк аспанда әрлі-берлі жүрді кеп.

Ақ шаңқан Бұлт аспан жүзін кезеді,  
Әсемдігін, әрине, бұл сезеді.  
Тас төбеде көлбеңдеген сұлуға  
Таңырқаудың келді Тауға кезегі.

Даңғазасы манағы көп мақтаудың  
Оятқан-ды ой-сезімін жас Таудың.  
Көзі түсіп көкте Бұлтқа мұның да,  
Тұрған таппай ретін сөз бастаудың.

Бой ысынып кенет тиген безгектей,  
Соны айтуға тұрған кезі қол жетпей.

Бір тәуекел, биікке Тау ұмтылды,  
(Дегеніне, сүйгеніне тез жеткей!)

Көкше көкке ұмтылған соң «өбем» деп,  
Ақша Бұлт та келді елжіреп төмендеп.  
Тау талпынды.

Бұлт оралды мойынға,  
Көлдер толқып,  
Орман-тоғай, елеңдеті!

Сүйіншілеп жүгір, шапшаң ақ, Бұлақ!  
Қуаныштан сендер селтең қақ, Құрақ!  
Ұзатылған қыздай сыңсып құрайлар,  
Жалқау түйежапырақтар, жат құлап!

Той тарқады.

Жиналды той табағы,  
Құдалармен Күн де кетіп барады.  
Жер-жаһанға жарық берген мейірбан  
Жұбайларға күлімсірей қарады.

Күн кешкірді. Күйеу әнтек ұзарды,  
Көктің қызы қымсынды ма, қызарды.  
Жым-жырт тартып тұратыны-ай маңайдың,  
Ымырт түсіп, қарауйтса көз алды.

Туған кезде толықсыған көркем Ай,  
Тау мен Бұлттың жұбын көрсең... көкем-ай!  
Қара көктен костюм киген кеудеге  
Ақ түбіттен орай салған бөкебай.

Елтігендей өсің шала со бір шақ,  
Кең дүние өрі қызық, әрі шат.  
Ағасының тойына мез баладай  
Бозторғайдың шырылдауын жанын сап.

Қоңыр салқын самал соқты сәлден соң,  
Жетіп келген «бір сұлу бар» деген соң.  
Әлем кезіп жүрген неме қыз іздеп,  
Ғашық бола қалғаны ғой көрген соң.

Таңдай қаға, Тауды айнала Жел есті.  
Бұлтпен билеп, Бұлтпен күліп, кеңесті.  
Сыбыр ете қалды бірде білдірмей:  
«Әрине, Тау сенің теңің емес-ті».

Көзін аңдып, қолын ұстап, жанасып,  
Жаратпауын жорта байқамағансып,  
Жорта күліп, тарта жүріп Бұлт сырын,  
Бір күн айтқан: «Тауды таста,  
маған шық!»

«Тапжылмайтын Таудан —  
дәуден не пайда?  
Мендік мекен — Жерден бастап  
шеті Айда.  
Сендік етем,  
әлем алақаныңда,  
Енді кетем» — дегенге  
Бұлт екі ойда.

Алған деген сол болады азғырып,  
Кекірлікке айналды да наз қылық,  
Бұлт бүлінді,  
Бұлт түйілді Тауына:  
«Елпілдегіш емессің», — деп жазғырып.

Желіктіріп,  
сыпсың қағып Жел енді,  
Еліктіріп,  
ертіп Бұлтты жөнелді.

Балқыған Тау қата қалды табанда,  
Елжіреген бұрынғы жас жоқ енді.

Бекінді Тау, белін буып тас түйін,  
Жарық кезде қасақана қасқып.  
Күн кешкіре қарауытып қамыққан:  
«Сол шіркіннің кеткені ме рас қиып?»

Жанарында жас бар, жоғын білмедік,  
Бүркеп алды тұнжыраған түн келіп.  
Әйтеуір Тау шығыпты ғой сол түннен  
Мұнар басқан, мұңға батқан түрге еніп.

Қыңқыл қаңғып, білдірер ек біз өкпе,  
Тау сабазың әбден күдер үзет те,  
Жел секілді желөкпелер жолында  
Тұру үшін сұранады күзетке.

Иығына алған үлкен жүк артып,  
Содан бері берік сақшы тұрар тік.  
Қас қылғандай Жел түседі көзіне,  
Өтіп бара жатқан Бұлтты бұралтып.

Желігуі Желмен

бармай ұзаққа,  
Сол жазында-ақ Бұлт оралған бұл жаққа.  
Тау қаласа, қалып қоймақ ниеті,  
Қайсар Көкше қайдан көнсін қылжаққа.

Кербез Таудың кешірімі жоқ анық.  
Келеді Бұлт, қалады кілт торланып.  
Сүйген жанның сұсты кейпі қиын ғой,  
Қарауытып қалады екен қорланып.

Ала болып, қара болып түрленіп  
Келген Бұлтқа келіспейтін бұл берік.

Жалыныштың жасын төгіп болған Бұлт  
Ауып кетпей, әлі де тұр ділгеріп.

Бұрынғыша ішінен Тау құмартып,  
Ал түсінен түк білдірмей тұрар тік.  
Көлбеу тартса, көп жылдардың жүгі де,  
Бұлт қайғысы бүгілтті деу тым артық.

Анығында шыққан кім бар құмардан,  
Елдің бәрі үміттеніп жүр алдан.  
«Жалғыз сүйген, мәңгі күйген» деген ғой,  
Асқар таудың арылмауы мұнардан.

Көкшетаудың тарқамайды мұнары,  
Көрген жанның тарқамайды құмары.  
Көк мұнардан, көп құмардан таптым жыр  
Опасыз Бұлт,  
қапалы Тау туралы.::

## МАЗМҰНЫ

Жүрегінің тұсында партбилеті . . . . .	3
Перзент-пейіл . . . . .	4
Ұлағат . . . . .	—
Октябрь . . . . .	5
Аманкелді-сардарым . . . . .	6
Ғаламның ғажабы . . . . .	—
Қауырсын қалам . . . . .	7
Қайран, Тарас . . . . .	9
Майбалық . . . . .	11
Ажарлым . . . . .	13
Жаңа жылға шашу . . . . .	14
Асыққан көңіл . . . . .	15
Білімнің көктемі . . . . .	16
Мектебім . . . . .	17
Іңкәрім . . . . .	18
Аңғарсақ . . . . .	19
Жартас . . . . .	—
Елге серт . . . . .	20
Нысана . . . . .	21
Жігіттерге . . . . .	—
Геологпен әңгіме . . . . .	22
Өмір-дағы баспалдақ . . . . .	—
«Қалықтап қар ұшқыны..» . . . . .	23
Туған аймақ . . . . .	—
Орыс елі . . . . .	24
Күн . . . . .	25
Қайсар . . . . .	26
Көктем . . . . .	27
Күмбір-күмбір шаттық үні . . . . .	28
Еркіндік жырлары . . . . .	29

Екеу ара . . . . .	30
Көктемгі серуен . . . . .	31
Мұратым . . . . .	32
Қоқи қаздар . . . . .	33
Менің жырым . . . . .	—
Мәуелі Қазақстан . . . . .	34
Қорғалжын . . . . .	35
Достық жыры . . . . .	36
Жұлдызым . . . . .	37
Таныстық тангосы . . . . .	38
Туған жердің жөні бөлек . . . . .	39
Мәңгі мұнар . . . . .	40



**Нурханов Жарасбай**

**ФЛАМИНГО — РОЗОВАЯ МЕЧТА**

**СТИХИ**

**(На казахском языке)**

**ИБ № 1085**

*Редактор С. Оспанов.  
Рецензент С. Тургынбеков.  
Художник С. Макаренко.  
Худ. редактор Н. Бубэ.  
Техн. редактор Р. Винокурова.  
Корректор Л. Асенова.*

Сдано в набор 11.06.80. Подписано к печати 11.08.80. УГ14104. Формат 70×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Бумага тип. № 2. Гарнитура журнально-рубленая. Печать высокая. Усл. п. л. 1,8. Уч.-изд. л. 16. Тираж 5.000 экз. Зак. № 3089. Цена 15 коп.

Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Типография оперативной и билетно-бланочной продукции производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Л. Маркса, 15/1.